

УДК 91

МАЙ АУДАНЫНЫҢ МИКРОГИДРОНИМДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жайсанбаева Арай Елубековна

arai.0903@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ГГ-41 тобының студенті
Ғылыми жетекші – география ғылымдарының докторы профессор Сапаров Қ.Т.

Май ауданы Павлодар облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Жер көлемі -18,1 мың км². Ауданның солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы – 200 км, батыстан шығысқа қарай – 120 км. Шекарасының жалпы ұзындығы 644 километрге жуық. Май ауданы солтүстігінде Ақсу ауданы (шекараның ұзындығы-80 км), солтүстік батысында Баянауыл ауданымен (120 км), шығысында Ертіс өзені Аққулы ауданынан бөледі (су шекарасы-140 км), оңтүстік-оңтүстік шығысында Шығыс Қазақстан облысымен (192 км) оның (80 км-і) Ертіс өзені арқылы, оңтүстік батысында Қарағанды облысы (112 км) шектеседі.

Ауданның ең төмен жатқан абсолюттік нүктесі – 102 м, Қарасор көлінің қазаншұңқырында орналасқан. Ең биік нүктесі – 547 м, Қалмаққырған тауы. Ертіс маңы жазықтығының орташа абсолют биіктігі - 100-150 метрге дейін жетеді. Май ауданы Лебязі, Ақсу, Павлодар, Ақтоғай, Қашыр аудандарымен бірге Ертіс маңы провинциясында орналасқан. Осы жазықтың биіктігі оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс бөлігінен өзенге дейін аралық 200 метрден 110 метрге дейін төмендейді. Жазықтықтың кейбір жерлері алювиалды құм, саз, гравий, неогендік саздақтардан тұрады. Ол жазықтың абсолюттік биіктігі 100-130 метр. Ол алювиалды құм және саздақты жыныстардан тұрады [1].

Олардың маңызы ежелгі құмтөбелер кей жерлерде сусымалы төбешікті құмдармен сипатталады. Ертіс өзені маңы жазығы үштік дәуірдің шөгінді жыныстарынан қалыптасқан. Гипсті, сазды, құмды, сары топырақты саздақты қабаттарымен жабылған. Жер қыртысының қалыңдығы 2000 метрге жетеді. Бұл шөгінділер төрттік шөгінділермен құм, саз, саздақтармен жабылып, жалпы қат- қабатты 4- 20 метр қалыңдықты құрайды.

Климаты тым континентті. Қысы ұзақ және суық. Ауаның орташа температурасы қаңтар айында –17–19⁰ С. Ызғарлы аязды күндері ауа температурасы – 44⁰ С-ға дейін төмендейді. Жазы жылы және қуаң. Ауаның орташа температурасы шілде айында +12+22⁰ С. Кейбір жылдары ол +40+41⁰ С-ға дейін жоғарылайды. Жылдық жауын-шашын мөлшері 200-250 мм шамасында. Оның 70%-ға жуығы жылдың жылы мезгілінде жауады [2].

Жер бетіндегі су торабы әркелкі. Ертіс өзенінің шығыс жағынан ғана ағып өтеді. Басқа бөлігінде жазда қара суларға бөлініп, Қарасор көліне келіп құятын тек Түндік өзені ағады. Көлдер көп. Олар ауданның оңтүстік-батыс жағында орналасқан және түгелімен тұзды келеді. Ең ірі көлдер: Қарасор, Жамантүз, Алтыбайсор, Алқамерген т.б. Жер асты сулары Ертіске таяу жерлерде және оңтүстігінің адырлы өңірлерінде, тау жарықшақтарында кездеседі.

Топырақ жамылғысы солтүстігінде негізінен қызғылт қоңыр, оңтүстігінде қызғылт топырақтан тұрады. Олар көбінесе сортаң; ал адырлы-төбелі жерлерде тастақты болып келеді.

Селеулі-бетегелі өсімдіктер түрлері басым. Ауданның солтүстік жағында әртүрлі далалық шөптесін өсімдіктер, ал оңтүстігінде жусан мен сораң аралас өседі. Мұнда негізінен далалық белдемде тіршілік ететін жануарлар мекендейді. Жартқыштардан: қасқыр, түлкі, қарсақ; кемірушілерден: қоян, саршұнақ, қосаяқ, күзен, ақтышқан; құстардан: дала бүркіті, кезқұйрық, күйкентай, қарақұс, бозторғай, шымшық, бөдене; тұяқтылардан елік кездеседі [3].

Топонимиканың күрделі де ірі саласының бірі ғылыми тілде “гидронимия” деп аталады. Ол грек тіліндегі «гидро»– су, «оним» – атау, яғни су атаулары [4]. Демек, гидронимия – өзендер мен көл, көлшіктер мен қайнарлар мен бастау, бұлақ құдықтардың жиынтық аты. Қазақ халқы өзен, көл, бұлақ, құдықтың өзіндік ерекшеліктеріне: орналасқан жері, жер бедері, айналасындағы өсімдік және жан-жануарлар дүниесіне өзеннің жылдамдығы, ағысы, тереңдігі, көлдер: пішіні, ащы-тұщылығы, бұлақ өзінің қозғалысы, қасиетіне, құдық атауларына, тереңдігіне, тағы басқа белгілеріне қарап атаған. Гидрографиялық атаулардың айырықша сипатында ежелгі түркі халықтарының дүниетанымына сәйкес, табиғатқа табыну арқылы оны қорғау әрекеті арқылы жүзеге асқан. Қазақ халқының негізін құраған орта жүздің ру-тайпалары мал бағумен айналысып, жазжайлау, қыс-қыстау қамымен меридиан бағытында көшіп қонумен жүре отырып, су көздерін пайдаланудың экологиялық жүйесін қалыптастырған.

Микропонимия (грекше-микро-кіші) белгілі аумаққа тән ұсақ физикалық-географиялық нысандардың, өзен-көлдер, көлшік, бұлақтар мен бастаулар, құдықтар мен жылғалар, сай-салалар, жоталар мен төбе-төбешік, қыр-қыраттардың, қыстаулар мен жайлаулар аттары.

Жалпы макротопоним және микропоним деген терминдерді кеңестік білім саласында алғаш рет А.Р. Суперанская және Э.М. Мурзаев қолданды. Өзінің тегі жағынан жалқы есімдерге тым жақын. Өйткені олардың бәрі тілдегі мағынасы айқын, көпшілікке түсінікті сөздерден қойылып отырады. Микропонимдер қоғам өзгерісіне қарай өзгеріске түсіп, бұрынғыларының орнына жаңа атаулардың пайда болып отыруы түрлі тарихи оқиғалармен байланысты. Ондай микропонимдердің сан жағынан басым да, көбі де ана тіліміздің байырғы сөздерінен жасалған топтар [5, 6]. Көптеген микропонимдер өткен ғасырларда халық өмірінде кеңінен қолданыс тапқан, қазіргі кезде басым көпшілігі ұмытылып, өз орнын жоғалтып алды. Оларды XVII-XVIII, XIX-XX ғасырлардағы тарихи деректер мен кейбір географиялық статистикалық анықтамалардан анық көреміз. 1903 жылы жарық көрген Ф.А.Шербинаның еңбегінде Семей облысы Семей уезі Малыбай, Сейтен, Тереңкөл болыстарына қарасты жерлердегі жайлау, қыстау, сай, өзен, құдық атаулары көптеп кездеседі. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған түркі-монғол тілдес тайпалар су көздеріне ерекше мән беріп қастерлеген. В.А. Казакевич монғол және түрік халықтарында көшпелі мал шаруашылығы қолданып, “бұлақ”, “құдық” терминін жиі атап көрсеткен. Қазақ терминдері басқа да түркі халықтарының географиялық терминологиясының құрамында Э.М.Мурзаевтың еңбектерінде талданды [5]. География ғылымы тұрғысынан қазақ географиялық терминдерін алғаш рет топтастырып, мағынасына анықтама берген Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың зерттеу жұмыстарының алатын орны ерекше. Қазақстанның аумағындағы табиғи ерекшеліктер: жер бедері, гидрография, өсімдік және топырақ жамылғысы, жануарлар дүниесі, климат жағдайлары халықтық географиялық терминдерде көрініс тапты. Қазақ гидронимиясын зерттеуге үлес қосқан В.Н. Попова өзінің зерттеулерінде 1800 гидронимдердің ішінде 626 микрогидронимдерге: құдық, бұлақтардың бар екенін анықтап көрсеткен [7].

Микрогидронимдерге жататын бұлақ атаулары: жер бедері, түсі, дәмі, қасиетіне, қозғалысына, құдық көлемі, тереңдігі орналасқан жеріне, сонымен қатар діни наным, оқиға, өсімдік, жануарлар, адам, ру – тайпа атына байланысты қойылады. Қазақстанның солтүстік шығысында орналасқан. Павлодар облысында көптеген көлдер, өзендер, батпақ бұлақтар бар. Еспе сулары жер бетіне жақын жатқандықтан құдықтар көптеп кездеседі. Ф.А. Шербинаның зерттеулерінде 248 бұлақ, 336 құдық, 20 батпақ атауы тіркеуге алынған. Жазық ойпаттарда қазылатын құдықтардың тереңдігі 2–3 метрден аспайды. Суы мол тұщы

құдықтар мүмкіндігінше таспен шегенделетін де беті жабылмайтын. Құдықтар тереңдігіне қарай саяз және шыңырау болып екіге бөлінеді. Кең қазылған саяз құдықтар суының мол болуымен бірге қол қауғамен су тарту үшін де қолайлылық жасайтұғын [8].

Қол қауға ірі малды суару әдісі орыстардың “журавец” деп аталатын суару әдісіне едәуір ұқсайды. Құдықтар әдетте қыстауда, жайлауда не көш жолдарында қазылатын Қ.Т.Сапаров Павлодар облысы аумағында ежелгі көміліп қалған мыңдаған құдықтардың 450–ге жуық атаулары әлі күнге дейін белгілі екенін топонимиялық, картографиялық зерттеулер арқылы дәлелдеген. Қыстаудағы құдықтар қай уақытта қазылғандығына қарамай қыстау иесінің меншігі болып саналады. Ал жайлаудағы және көш жолдарындағы құдықтар қазылу уақытына байланысты еді. Жеке адамдар мен ауылдардың бірігіп жаңа қазған құдықтары солардың меншігі болып есептеледі [3].

Зерттеу нәтижесінде Май өңірінде құдық, апан, шыңырау, бұлақ, жылға, көз атаулары анықталып, барлық гидронимдердің 19,4 пайызын құрап отыр.

Құдықтың басқа түрлеріне: «шыңырау»- терең, «қауға саяз», «апан»- ескі құдық т.б. жатқызуға болады. Апан ескі бұзылып құлаған, терең емес құдықтар мағынасына сәйкес келеді.

Сонымен құдық атаулары басқа да топонимдерге тән алғы шарттық жіктелу байқалады. Май өңірінде Шыңырау, құдық, қыстау атаулары тереңдігімен ерекшеленіп көрініс тапты. Құдық атаулары (апан, шеген, шыңырау, құдық) қазақтың дәстүрлі шаруашылығында жиі кездесіп, ерекше орын алады.

Кесте-1. Май ауданының аумағындағы микрогидронимдердің салыстырмалы сипаттамасы

Рет саны	Микрогидронимдер			
	Жасанды		Табиғи	
1	Құдық	30	Бұлақ	13
2	Апан	2	Көз	2
3	Қауға	1	Жыра	1
4	Шыңырау	2	Жылға	4
5	Шеген	1	Сала	2
6			Өзек	3
7			Үйірім	2
		36		27

Қауғажайлау, Аққұдық, Ащықұдық, Дарияқұдық, Жамбасқұдық, Қарақұдық, Қырыққұдық, Майқұдық, Тоққұдық, Шегенқұдық, Шыңырау, яғни терең құдық атаулары бар. Бұлақтар номинациясы жергілікті табиғат жағдайларын дәстүрлі дүниетаным мен шаруашылық қажеттерге орай бейнелеумен байланысты қойылғаны анық. Аумақта жер бедері өсімдік және жануарлар дүниесі, қасиетіне, тарихи оқиға, ру- тайпа атына байланысты бұлақ атаулары көптеп кездеседі. *Қаракөз, Төрткөз, Қарабұлақ, Тазбұлақ, Ұзынбұлақ, Көкүйірім, Көкөзек, Қаражыра, Жыражайлау, Родниковое* микрогидронимдері анықталып су нысандарының көптеп кездесетін көрсетті. Құдық, бұлақ, жылға, сала, жыра түріндегі микрогидронимдер көшпенділер қоғамында экологиялық ақпарат көзі болғанымен дәлелдейді. Құдық, апан, қауға, шыңырау шаруашылыққа қажетті, адамдар тарапынан тікелей қазылған нысандар геоэкологиялық ақпарат көзі болып табылады. Біздің зерттеулерімізде аумақтың физикалық – географиялық ерекшеліктерін айғақтайтын 30-дан астам жасанды және 20-дан астам табиғи су көздері атаулары топтастырылды. Сонымен шаруашылық айналымындағы су көздерінің (табиғи және жасанды) атауларында индикатор-терминдердің кездесуі олардың сипатынан хабар береді; су көздерінің шаруашылыққа пайдалану мүмкіншіліктері гидронимдерде көрініс тапқан; гидронимдердің басқа топонимдермен ара қатынасы шаруашылық қажеттілігінен туындайды [9].



Сурет-1. Май ауданының микрогидронимдер картасы

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Топографическая карта. КазССР. Павлодарская область. М-б 1:100000.- М.: ГУГК, МГОН, СССР 1962 -1991. -126 лист.
2. Павлодар өңірінің энциклопедиясы. Павлодар. – «ЭКО» ҒӨФ, 2013. – 556 б.
3. Сапаров К.Т. Павлодар облысының топонимикасы. –Алматы: «Эверо», 2018. – 352 б.
4. Геоэкология Павлодарской области. – Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова, 2003. - 72 с.
5. Суперанская А.В. Что такое топонимика? - М.: Наука, 1984. - 182 с.
6. Мурзаев Э.Н. Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. - 653 с.
7. Попова В.Н. Гидронимы Павлодарской области: автореф. канд. филол. наук.: - Томск, 1966.-21 с.
8. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. – Воронеж, 1903. – Т 6. - 375 б.
9. Қазақстан республикасының географиялық атауларының каталогы. Павлодар облысы. – Алматы : РМҚК «:Ұлттық картографиялық- геодезиялық қоры», 2004. – 212 б.